

Б.А. Қадырбаева, Б.Қ. Төлбасова

*Абай атындағы Қазақ педагогикалық университеті, Алматы
(E-mail: kbagda@mail.ru)*

Жоғарғы оқу орындарында студенттер білімдерін рейтингтік бағалау ерекшеліктері

Мақалада қазіргі қоғам дамыған елдерінің жоғарғы оқу орындары қоятын талаптарды қанағаттандыратын студенттерді кәсіби біліктілікке машықтандыру үшін оқытуда тапсырмалар түрлері мен оның балл көрсеткішіне сәйкес топтастырылуы нәтижесінде білімді бағалау мәселелері қарастырылған. Білім сапасының сипаттамасы толықтық, тереңдік, шапшаңдық, бірізділік, нақтылық, жалпыламалық, орамдылық, тармақталғандық, жүйелілік, түсініктілік және тиімділік тұрғысынан зерттелген. Студенттердің білімін бағалау үшін білімнің тереңдігі, дағды және икемділік ұғымдарының алатын орны, дағды мен икемділік ұғымдарын ажырата білу маңыздылығы жайлы айтылған.

Кілт сөздер: білім сапасы, біліктілік, дағды, қабілеттілік, білімнің жүйелілігі, жоғарғы оқу орындары, студент, рейтинг, білім.

Ұлт жоспары — Н.Ә. Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамы бойынша экономиканың алты негізгі саласы үшін он жоғарғы оқу орнында білікті кадрларды әзірлеу міндеті көтерілген. Аталған міндетті шешу үшін жоғарғы оқу орындарында студенттер білімдерін рейтингтік бағалау сапалы жүргізілуінің алатын орны ерекше.

Педагогика әдебиеттерінде білім сапасы ұғымы оқыту нәтижесінің негізгі сипаттамасы ретінде қарастырылады. Оқыту нәтижесінің сапасы деп меңгерудің толықтық, дұрыстық сияқты кейбір аспектілерін түсінеді. Әдетте, қандай да бір объект-нәрсенің және құбылыстың сапасы болып, оның осы нәрсе екенін көрсететін мәнді, орнықты қасиеттері, сипаттамалары саналады [1].

Білім сапасының сипаттамасы толықтық, тереңдік, шапшаңдық, бірізділік, нақтылық, жалпыламалық, орамдылық, тармақталғандық, жүйелілік, түсініктілік және тиімділік екендігі белгілі.

Білімнің толықтылығы оқу бағдарламасында қарастырылатын объектілердің барлық белгілерін білумен сипатталады. Студенттер білімін бағалауда, алдымен, олардың объектілердің белгілерін бөліп көрсете алуы мен баяндап бере алуы тексеріледі.

«Бағалау» ұғымына Ұлттық энциклопедияда «оқыту нәтижесін анықтау үшін қолданылатын тәсіл, оқушының берілген тақырыпты меңгерудегі кемшіліктерін жоюда, оның үлгерімінің нәтижелі болуына ықпал ететін фактор. Бағалау, көбінесе, баға қоюдың синтездік түрі (1-ден 5-ке дейінгі ранг) арқылы жүзеге асады. Сондай-ақ мектеп тәжірибесіндегі бағалау баға қоюмен ғана шектелетін тәсіл емес, ол материалды меңгеру, меңгермеу фактісімен қатар, оның себептерін анықтауға мүмкіндік беретін оқытудың маңызды құрамды бөлігі болып табылады. Жоғарғы оқу орындарында бағалау рейтингтік әдіс арқылы жүргізіледі» деген анықтама берілген [2].

«Рейтинг» ұғымы болса нақты объектінің немесе құбылыстың мәні мен маңыздылығын көрсететін сандық немесе реттік индикатор деп түсіндіріледі.

Қазіргі таңда білімді тексеру мен бағалаудың рейтингтік жүйесі кең көлемде қолданыста, өйткені жүйе жоғарғы оқу орындарында меңгерілетін білімді жеке-даралық тексеру құрылымының негізін қалайды. Студенттердің білімін бақылаудың психологиялық және педагогикалық мәні студенттерге дер кезінде көмек көрсету, олардың шығармашылық ізденісіне, қабілетіне сенім білдіру, сонымен қатар бағдарламалық талаптарды нәтижелі етіп орындауға ынталандыру, сапалы еңбекке баулу болып табылады. Білімді бақылаудың рейтингтік жүйесіне Н.А. Васильева, В. Надеяев, Т.С. Куликова, Н.Ю. Коробова, С. Ершиков, В.Е. Сосенко, Г.Н. Юшко, Л.Г. Устинованың ізденістері арналған. Мұндай түбегейлі зерттеулерден қазақстандық әдіскер-ғалымдар да тыс қалған жоқ. Олар оқытудың нәтижелерін тексеруде әрбір студентке жекелеген тапсырмалар берудің барынша тиімді екенін өз еңбектерінде дәлелдеп отыр. Математиканы оқытуда білімді тексеру мен бағалауды тиімді ұйымдастыруды А.Е. Әбілқасымова, А.К. Көбесов, Д.Р. Рахымбек, И.Б. Бекбоев, Л.Т. Исакова,

Е.Ж. Смағұлов, М. Есмұхан, Б.Б. Баймұханов, Е. Медеуов, Ә.К. Қағазбаева, Н.К. Ахметов, Ә.С. Кенеш, Ә.П. Мұстафаев, В.П. Добрица, Б.К. Өтеджанова, Е.А. Тұяковтың кандидаттық зерттеу жұмыстары баяндаған. Онда білімді тексеру мен бағалаудың нақты тәсілдерін қарастырып қана қоймай, студенттердің педагогикалық ой-өрісін кеңейту, оқу қызметін ұйымдастыру түрлері мен әдістерінің жалпы қағидалары айқындалып көрсетілген [3].

Білімнің тереңдігі студенттердің оқу объектісін тұтастай бейнелеуімен, білімдерін басқа білімдермен мәнді байланыстыра білуімен белгілі болады. Байланыстардың анықталуы белгілі бір уақытты қажет етеді, тіптен кейде оқу курсына оқытудағы барлық уақытты қамтуы мүмкін. Білім бағалануының көрсеткіші 50-74 балл аралығында болатын студенттер, әдетте, білімдер арасындағы байланыстарды бірден байқай бермейтіні себепті болады, өйткені олар, біріншіден, параллель немесе тізбекті орналасқан байланыстарды түсіне алмай қалып жатады, екіншіден, ол байланыстарды түсіну үшін жаңа аралық байланыстың болуы қажет етілетіні себеп болады.

Сонымен қатар студенттердің білімін бағалау үшін білімінің тереңдігі, дағды және икемділік ұғымдарының да алатын орны ерекше және дағды ұғымы мен икемділік ұғымдарын ажырата білу маңызды. Білімінің тереңдігі студенттердің білімді, интеллектуалдық дәрежеде меңгерулеріне, практикада қолдана алу дағдылары мен икемділігіне қатысты сипатталады. Икемділік – белгілі бір дағдылар мен білім қорын практикада қолдана алудың көрінісі, білімнің амалға айналуы және амалды жүзеге асырудың де тәсілі. Білімнің икемділігі студенттердің тапсырмаларды орындаудың тиімді нұсқасын табудың жылдамдылығымен және де студенттердің бір тапсырманы бірнеше нұсқамен орындау қабілет-тілігіне де қатысты анықталады.

Білімнің жеделдете меңгерілуі нақты жағдайлар үшін білім мен дағдыны қолдану болса, ал білімнің икемділігі белгілі жағдайлардан ауытқып жаңа тәсілді бұрыннан белгілілері арқылы шығарып алуға қатысты жаңа білік пен дағдыны қалыптастыру болып табылады.

Білімді жалпылауда нақтылы көріністерді ашу мен жалпылама білімдерді нақтылау қабілеттілігі арқылы білімнің нақтылығы мен жалпыламалылығы сипатталады. Білімді жалпылау білімді нақтылау арқылы қарастырылады. Екеуін студенттер бір мезетте қолданған жағдайда нақтылы фактілерді жалпылау дағдысының қалыптасуына, жекеден жалпыға біртіндеп өтуге игі әсерін тигізеді.

Білімнің жалпыланған болуымен қатар жинақталған болуы да маңызды. Студенттерге кей жағдайда білімнің жинақталған түрін қолдану үшін жалпыланған білімді негізге алатын нақты білімдер қажет. Жалпыланған білімдерді нақтылап, оны негіздегеннен кейін студенттердің білімді тереңдете түсуі жеткілікті, ал ол білімді меңгеруді тексергеннен кейін нәтижелі болады.

Білімді тексеру — кең ауқымды ұғым. Оған білімді тексеру жүйесі тексерудің әдіс-тәсілдері, оған қойылатын талаптарды анықтау, ұйымдастыру мен мазмұндық құрылымы сияқты мәселелер қамтылады. Психологиялық-педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерде жоғарғы оқу орындары студенттерінің білімдерін тексеру мен бағалаудың практикалық жағдайына талдау жасау білім сапасын бағалауды ұйымдастырудың инновациялық формасы теориялық тұрғыда жеткілікті баяндалғанымен, оны білімді үздіксіз бақылау жүйесінде қолдану деңгейінің практикалық қолданылуы айқындала түсуді қажет ететіні ақиқат.

Студенттердің кез келген оқыту курсына дағы сияқты информатика курсына берілген материалдарды жалпылау қабілеттері әр деңгейлі тапсырмаларды орындауда ортақ тәсілді таба алуымен, сәйкесінше, ортақтан әр түрлі тәсілді байқау қабілеттерінен көрінеді.

Информатика курсына тапсырмаларды орындағанда тапсырмалардың типі басқа болса да, тұжырымдаудың жинақталуы арқылы студенттердің ойлау қабілеті қалыптастырылады. 50–74 балл жинаушы студенттер тапсырмаларды бірнеше рет орындағаннан кейін ғана, ол туралы білімін жалпылай алады. Сондықтан ол студенттерде тұжырымдау, тексеру, түзету әрекеті сирек байқалады. Информатикадан тапсырмаларды орындауда ойлау үдерістерінің жинақталуы бағытының айқындалуы:

- шапшаңдығы (тапсырма шартын оқығаннан кейін бірден жауап беріледі);
- ой қорыту үдерісінде бірнеше буындар қалып қойса да, ойлау үдерісін дұрыс бағытта жүргізе алуы (ойлаудың жоқ буындарында);
- қиындығы, студенттердің ойлау үдерісінің мүмкіндіктерінің толық ашылуын талап етеді.

Білімнің жүйелілігі оның жинақтылығымен анықталады. Студенттердің білімді жүйелі меңгеру деңгейі бағытының көрсеткіштері:

- оқу материалдарының мазмұнын білімдерді өзара байланыстыра меңгертетіндей айқындау;
- оқу материалдарын қайта өзгеше құрып, байланыстырып мазмұндау;
- қажетінше әрекеттерді тізбектей орындауы;
- жаңа байланыстарды өзінше орналастыру, атап айтқанда, біріншіден, меңгерілетін білімдер аралығы, екіншіден, жаңа білімдер мен меңгерілген білімдер аралығы.

Студенттерге білімді жүйелі меңгертуде оқытушыдан білімдерді меңгерту арасындағы байланыстарды біртіндеп жалпылау талап етіледі. Жалпыланған идеялар білімдерді меңгерту аймағында жинақталып жүйеленеді. Әрбір оқыту курсы үшін жүйелеу әр түрлі болады. Білімнің берілуі келесі тізбек бойынша: негізгі ұғым, негізгі ереже, салдар, қосымша анықтамалар берілсе, онда білімнің берілуі жүйеленген деп саналады.

Білімнің берілуінің жүйелілігіне келесі белгілер енеді: бір білімнен кейінгі жаңа білімнің туындауы, бірінің келесі білім үшін негіз болуы. Дегенмен, білім кей жағдайда жүйелі берілгенімен де, бір жүйеге келмеуі мүмкін. Білімнің берілу жүйелілігін анықтауда информатика курсының оқыту объектісі мазмұнының сипаты мен тәсілін, оны студенттердің меңгеру деңгейін ескеру қажет.

Білімнің сапалылығы білімдер арасындағы байланыстарды түсінуімен, елеулі және елеусіз байланыстарды ажырата білу біліктілігімен, осы байланыстардың байқалуы мен жүзеге асырылу механизмін түсінумен, білімдерді меңгеруде қолданатын тәсілі мен оны қолдану үшін негізге алатын принциптерді ұғыну аймағын анықтаумен сипатталады, осы білімнің сапалылығы белгілерін қалыптастыру біртіндеп жүзеге асады. Студенттердің информатикадан білімін бағалауда білімнің сапалылық белгілерінің көрсеткіштерін анықтай білу керек. Білімнің сапалылығының негізгі көрсеткіші критерийіне студенттердің берілген сұраққа оқулықтағы, оқу-әдістемелік кешендегі келтірілген дайын жауап бергені емес, сұраққа жауапты өздігінше тұжырымдап, ой қорытып беруі үшін білімдерді топтау мен жүйелей алуы енеді. Білімнің жүйелілігі мен тереңдігі білімдердің арасындағы байланысқа қатысты болғандықтан, сапалылықтың артуына әсерін тигізеді. Біртұтас теорияда жүйелілік білімнің орнықтылығын анықтайды.

Студенттердің білімді меңгеру орнықтылығы деп ойында ұмытпай сақтау ұзақтығы мен есінде сақтап алуы, білімді толық жүйелілігімен қайталай алуын айтамыз. Білімнің меңгеру орнықтылығы елеулі білімдер жүйесін есте сақтау мен оны қолдану тәсілдерін білуден тұрады. Ұзақ уақыт бойы жоғарғы оқу орындарының оқыту тарихында студенттерге білімді меңгерту орнықтылығы білімді бір немесе бірнеше формада бір мазмұнды қайталап айтқызу арқылы қамтамасыз етіліп келді.

Зерттеу жұмыстарынан қайталап айтқызу білімнің сапалы меңгерілуін барлық уақытта қамтамасыз ете бермейтіндігін, керісінше, білімді жүйелі ұғынып меңгерту, оны талдауға үйрену білімді орнықты меңгеруге септігін тигізетіні белгілі болды және білімнің орнықты меңгерілуін іске асыру арқылы оқытудың тиімділігін арттыруға болады [2].

Дәстүрлі педагогикада студенттер практикалық сабақтарда оқулықтар немесе оқу құралдарда берілген жатығулар арқылы білім алушылардың жаңа ақпаратты қалай меңгергенін анықтау мақсатында жеке студенттермен тақтада алған білімді пысықтау мен бекіту түріндегі жұмыстар жүргізілетін де, меңгерілген тақырыптың мазмұнына үңілдіртіп, тереңірек ойлануды оқытушыдан да, студенттерден де талап етілмейтін. Осының салдары студенттердің өз ісіне сын көзбен қарап, өздеріне талап қою, өз ісіне баға бере алу сияқты қабілеттерінің төмендеуіне әкелді. Олай болса, білімнің орнықты болуы үшін, келешекте нәтижелерге жету үшін кепіл болатын, болашақтағы педагогикалық әрекеттеріне қызмет ететін біліммен қарулану үшін шығармашылықпен немесе инновациялық тұрғыда өздігінен жұмыс жасап, әрекетінің мәнін мейлінше терең ойлануының маңызы зор. Әрекетті орындау алдында ойлану немесе орындалған соң толғану, ой қорыту дұрыс па, әлде, керісінше, алдымен пайымдап алып, содан соң іске асыру дұрыс па, қайсысы тиімді деген сұрақты да туындары сөзсіз. Біздің зерттеулеріміз бойынша, ойлану әрекеттің барлық кезеңдерінде жүзеге асырылуы тиіс. Сол уақытта шешілетін мәселенің мақсат-міндеттеріне сәйкес ойлау жүйесінің деңгейлері де әр түрлі болады. Адамның ойлау жүйесінің деңгейлері көптеген ғалымдарды ойландырғаны анық, солардың бірі – әлемдік деңгейде танымал болған Б. Блум таксономиясы.

Блум таксономиясында білім алу үдерісінің әрекеттер жүйесі қарапайым деңгейден бастап бірте-бірте күрделенетін 6 категорияға жіктелетінін ескерсек, онда қарапайым деңгейде есте сақтау, жаттау, танып білу, еске түсіру әрекеттері, ал одан кейінгі түсіну деңгейінде сол ақпаратты өз сөзімен жеткізе алу сияқты әрекеттермен жалғастырылады. Жаңа ақпаратты бөліктерге бөліп зерттеуден кейін оны өз тәжірибесіне қолдана алу, 1-кестеде көрсетілгендей, күрделі әрекетке ұласады.

**Б. Блум таксономиясындағы ойлаудың 6 негізгі деңгейіне қарай
білім алу үдерісінің әрекеттер жүйесі**

| Деңгейлер | Білім алу үдерісінің әрекеттер жүйесі |
|-----------|--|
| Тану | Есте сақтау, жаттау, танып білу, еске түсіру |
| Түсіну | Интерпретация, өз сөзімен мәлімдеу |
| Қолдану | Тәжірибеде қолдану, жетістікке қолжеткізу үшін мәліметті қолдану |
| Талдау | Білімді меңгеру мақсатында бірнеше бөліктерге бөлу, оларды зерттеу |
| Жинақтау | Сөзден немесе объектілерден тиімді нәтиже алу үшін тұтас күйінде қарау |
| Бағалау | Қарама-қарсылық туғызу, шешім қабылдау, баға беру |

Әлемдік білім кеңістігіне ену міндеттеріне қарай болашақ педагогтардың мәдениеттілік құндылықтарын арттырып, өздігінше әрекет ету қабілеттіліктерінің мүмкіндіктерін мейлінше кеңейту қажеттілігін бүгінгі күннің талабымен сәйкестендіру мәселесін шешу тәсілдерін анықтау үшін ол «білім, білік, дағды» қалыптастыру парадигмасының орнына «білім арқылы тұлғаны дамыту» парадигмасын таңдауға әкеледі. Олай болса, жаңа қоғамдық қатынаста құзыреттілігі жоғары, сын тұрғысынан ойлайтын, өзін-өзі жетілдіруге қабілетті, кәсіби біліктілігі жетілген педагог дайындау қажеттілігінен білім беру тұжырымдамасын түбегейлі өзгерту талап етеді.

Қазіргі кезеңдегі оқытудың педагогикалық жаңа үдерісіндегі оқыту тәсілдері студенттердің білімді меңгеру әрекеттерін белсенді етудің, олардың кәсіби мүмкіндіктерін ашып, жеке кәсіби тұлғалық қабілетін жетілдіруді және оны болашақта жүзеге асыруға дайындықты қамтамасыз етеді. Біздің зерттеуіміз бойынша, білімді меңгеру әрекеттерін белсендендіру үшін оқытудың формасы мен студенттердің өзіндік іс-әрекетін ұйымдастырудың маңызы зор. Оқытудың формасы мен студенттердің өзіндік іс-әрекетін ұйымдастырудың белсендендіруді қалай жүзеге асыруға болады? деген сұраққа жауап беру үшін студенттердің білімдерінің сапасын және білімінің деңгейін олардың білімді қаншалықты меңгергенін анықтайтын индикаторларды анықтау жеткілікті дер едік.

Оқыту үдерісінде білімнің сапалылығын жүзеге асыратын барлық элементтері бір мезгілде кейде қабаттасып жатады. Студенттердің білімдерінің сапасын және білімінің деңгейін олардың білімді қаншалықты меңгергенін алған білімдерін әр түрлі типтегі тапсырмаларды орындауда қолдана алатындығын тексермей білу мүмкін еместігі айқын.

Мысалы, «Ақпарат және информатика. Информатиканың негізгі мәселелері. Санау жүйелері» тақырыбы бойынша тапсырмалар түрлерінің жеке студент үшін нұсқалары мен оның рейтинг балл көрсеткішіне сәйкес топтастырылуы 2, 3-кестелерде келтірілген [3]:

Тапсырмалар мен студенттердің атқаратын әрекеттерінің бағалану индикаторының I-нұсқасы

| № | Тапсырма мазмұны | Әрекетті бағалау (max балл) |
|---|--|-----------------------------|
| 1 | Дәріс конспектісі, сабаққа қатысуы | 50 |
| 2 | $11110101_2, 1101_2 = x_{10}, \quad x - ?$ $1238,547_{10} = y_2, \quad y - ?$ | 10 |
| 3 | $11110001_2, 111_2 + 11000101_2, 1_2,$ $1101111_2, 101_2 - 11_2, 1_2$ | 10 |
| 4 | $1011101_2 : 11_2$ | 15 |
| 5 | $1011_2 * 1,011_2$ | 15 |
| | Барлығы | 100 |

Тапсырмалар мен студенттердің атқаратын әрекеттерінің бағалану индикаторының II-нұсқасы

| № | Тапсырма мазмұны | Әрекетті бағалау (max балл) |
|---|--|-----------------------------|
| 1 | Дәріс конспектісі, сабаққа қатысуы | 50 |
| 2 | $10010101, 1001_2 = x_{10}, \quad x - ?$ $3457,634_{10} = y_2, \quad y - ?$ | 10 |
| 3 | $10011101, 111_2 + 11110101, 1_2,$ $1100011, 101_2 - 110, 1_2$ | 10 |
| 4 | $100111_2 : 11_2$ | 15 |
| 5 | $1101, 11_2 * 1, 101_2$ | 15 |
| | Барлығы | 100 |

Осы уақытқа дейін оқу бағдарламасына сәйкес нақты оқулықтар, тапсырмалар жинағы, әдістемелік құралдар қарастырылғанмен де, студенттердің информатика курсынан білім алу қабілетіне қарай баллдық бағалау бойынша нені меңгеру қажеттілігі, білімі мен икемділігіне қойылатын талаптарды анықтау әлі де жетілдіре түсуді талап етеді.

Осы мәселелердің ерекшеліктері тапсырмалардың қиындығына байланысты студенттердің қабілетіне қарай жіктеп ұсыну критерийлерін анықтау болып табылады. Тапсырмалардың қиындығына байланысты студенттердің қабілетіне қарай жіктеп ұсыну нәтижесін объективті тексеру мен бағалау тек талап етілетін білім сапасы мен оны меңгерудің деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Объективті түрде студенттер білімін тексеру мен бағалағанда білім сапасы мен оны меңгерудің деңгейі дәл анықталады.

Оқытуды студенттер білімін бағалау үшін оларға берілетін тапсырма рейтинг балл көрсеткішіне сәйкес топтастырылады:

- міндетті тапсырма (50–74 балл);
- шығармашылық зерттеу жұмыстарына дайындық деңгейіндегі тапсырма, бағдарламадағы міндетті білімді толық меңгеретін, жоғары деңгейге жетуге жағдай туғызатын тапсырма (75–89 балл);
- шығармашылық зерттеу жұмыстары тапсырмасы, студенттердің қызығушылық пен танымдық қажеттілігіне, қабілетіне байланысты білімін тереңдететін, оперативтік өзіндік ойлау іс-әрекетін орындауды талап ететін тапсырма (90–100 балл).

Тапсырмалардың қиындығына байланысты студенттердің қабілетіне қарай жіктеп ұсыну нәтижесінің жеке студент үшін *жетістіктері*:

- ақпаратты терең игереді, өйткені оны ой елегінен өткізеді;
- тыңдау дағдысын қалыптастырып, өзгені тыңдай алады;
- ойлауды белсендіреді;
- әлеуметтік қарым-қатынас тәжірибесін қалыптастырады;
- өз іс-әрекетін талдайды;
- ынтымақтастықпен әрекет етуге үйренеді.

Ескеретін ерекшелік: жеке бастық «Мендерінің» қақтығысу қауіпі.

Оқытушы үшін жетістік: студенттердің санының көп болғанында да тиімді болады.

Қиындықтары:

- әрбір жеке студент үшін тапсырма дайындау ұзақ уақытты қажет етеді;
- әрбір жеке студенттің орындаған жұмысын тексеру де уақытты қажет етеді.

Дегенмен де, одан шығудың жолдары студенттерге бір-бірлерін бағалау әрекеттерін орындату мәселесін де іске қосу болып табылады. Білімді меңгеру әрекеттерінің нәтижелі болу өлшемдері:

- «білім және түсінік» (қандай да болмасын ғылым саласындағы теориялық білім, білу және түсіну);
- «қалайша әрекет жасау керектігін білу» білімі (нақты ситуацияларда білімді практикалық және оперативтік тұрғыдан қолдана білу);
- «қалайша болу керек» білімі (әлеуметтік контексте түйсіну мен басқа адамдармен өмір сүрудің ажырамас бөлігі болып табылатын құндылықтар).

Білімді меңгеру үдерісінің нәтижесі кәсіби мүмкіндіктерін мен жеке кәсіби тұлғалық қабілетін жетілдіруге бағытталады. Ал ол қабілеттер өз кезегінде білім алушыларға техникалық, экономикалық және мәдени өзгерістерді саналы түрде түйсініп, әлеуметтік тәртіп пен топ ішінде жұмыс жасай білу, бастамашылдық пен жауапкершілік, шығармашылық пен конструктивтік көзқарас, икемділік пен бейімшілдік сынды қасиеттерді өз бойына сіңіруге және дамытуға мүмкіндік береді.

Білімдарлық студентті өзін-өзі ұйымдастыру, басқару, бағалау, қадағалау, түзету әрекеттеріне ниеттейді, оны масылдық пен бәлсенділіктен арылтып, белсенді және өмірінің қалайша өтетіндігіне деген жауапкершілікті толық өз мойнына артуға негізделген өмір сүру қағидасына бағыттайды.

Қорыта келгенде, жүйелі бақылау жүргізілу барысында студенттердің алған білімінің сандық сипатын ғана емес, сапалық көрсеткішін де толық алуға мүмкіндік туады және де оқытудың және студент білімін бағалаудың жариялылығы білім беруді ізгілендіру мен білім берудің мазмұны мен әдістерін жаңарту және мамандар даярлаудың сапасын жетілдіру мәселелерін шешудің тәсілі екендігі ақиқат.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Қадырбаева Б.А.* Оқытудағы басты тұлға – студент: сб. матер. междунар. науч.-практ. конф. «Непрерывное пед. образование в контексте современности: теории, концепции, опыт» // СГПИ, Московский ГПИ, Новосибирский ГПИ, Респ. ИПК рук. и науч. пед. кадров системы образования. — Семей, 2008. — С. 404.
- 2 *Tulbassova B.K., Kadyrbayeva B.A., Tekesbaeva N.A.* Information and Communication Technologies (ICT) in the Higher Education System of Kazakhstan, New Directions in Multidisciplinary Research & Practice (NDMRP-May, 12-13, 2015), Istanbul, Turkey, NDMRP-2015. — P. 298–302.
- 3 *Қадырбаева Б.А., Белгожаева Ш.Д., Унайбаева Р.К., Тохтаметова А.А.* Информатика пәнінен зертханалық жұмыста: әдіст.-оқу құралы. — Алматы: Tandem-2, 2010. — 89-б.

Б.А. Кадырбаева, Б.К. Тульбасова

Вопросы рейтинговой оценки знаний студентов

В статье рассмотрены вопросы оценки знаний студентов по развитию профессиональных навыков. Рейтинговая оценка выводится по совокупности выполнения определенных заданий и набранных баллов по заданию, что соответствует требованиям высших учебных заведений развитых стран и современного общества. Характеристика качества знания исследована через призму таких категорий, как системность, конкретность, эффективность, полнота, глубина и т. д. Кроме того, показано, что в оценке знаний студентов немаловажную роль играют навыки, гибкость, умение отбора материала.

Б.А. Kadyrbayeva, B.K. Tulbassova

Questions rating assessment of students' knowledge

The article discusses the assessment of students' knowledge for the development of professional skills at rating together perform certain tasks and of points of reference on the requirements of the higher educational institutions of developed countries and of modern society. Characteristics of quality of knowledge studied through categories such as consistency, specificity, efficiency, completeness, depth, and so on. In addition, in the assessment of students' knowledge plays an important role the groove, flexibility, ability to material selection.

References

- 1 *Kadyrbayeva B.A.* *The student-main personality in training/SGPI, the Moscow GPI, Novosibirsk GPI, Resp IPK of hands. and scientific ped. education system shots, collection materials of the international conference. «Continuous education in the context of the present: theories, concepts, experience»*, Semey, 2008, p. 404.
- 2 *Tulbassova B.K., Kadyrbayeva B.A., Tekesbaeva N.A.* *Information and Communication Technologies (ICT) in the Higher Education System of Kazakhstan, New Directions in Multidisciplinary Research & Practice* (NDMRP- May, 12-13, 2015), Istanbul, Turkey NDMRP-2015, p. 298–302.
- 3 *Kadyrbayeva B.A., Belkogaeva Sh.D., Unaiabaeva R.K., Toktametova A.A.* *Informatics: the methodical book*, Almaty: Tandem-2, 2010, p. 89.